

## Қарасу ауданы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорындардың таза кірісінің бір бөлігін аудару нормативін белгілеу туралы

Костанай облысы Қарасу ауданы әкімдігінің 2018 жылғы 1 наурыздағы № 31 қаулысы. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2018 жылғы 26 наурызда № 7617 болып тіркелді

"Мемлекеттік мүлік туралы" 2011 жылғы 1 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңы 140-бабының 2-тармағына сәйкес Қарасу ауданының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Қарасу ауданы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорындардың таза кірісінің бір бөлігін аудару нормативі осы қаулының қосымшасына сәйкес белгіленсін.

2. "Қарасу ауданы әкімдігінің қаржы бөлімі" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіpte:

- 1) осы қаулының аумақтық әділет органында мемлекеттік тіркелуін;
- 2) осы әкімдіктің қаулысы мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның қазақ және орыс тілдеріндегі қағаз және электрондық түрдегі көшірмелерін "Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына ресми жариялау және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің Эталондық бақылау банкіне енгізу үшін жіберілуін;

3) осы қаулыны ресми жарияланғанынан кейін Қарасу ауданы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастыруын қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Қарасу ауданы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қарасу ауданы әкімінің  
міндеттін атқарушысы

Е. Балжақаев

Әкімдіктің  
2018 жылғы 1 наурыздағы  
№ 31 қаулысына қосымша

## Қарасу ауданы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорындардың таза кірісінің бір бөлігін аудару нормативі

Қарасу ауданы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорындардың таза кірістерінің бір бөлігін аудандық бюджетке аудару нормативі белгілеу айқындалады:

Таза кіріс 3000000 теңгеге дейін

таза кіріс сомасынан 5 пайыз

Таза кіріс 3000001 тенгеден 50000000 тенгеге дейін	150000 тенге + 3000000 тенге мөлшердегі таза кірістен асқан сомадан 10 пайыз
Таза кіріс 50000001 тенгеден 250000000 тенгеге дейін	4850000 тенге + 50000000 тенге мөлшердегі таза кірістен асқан сомадан 15 пайыз

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК